

I. ОҚЫЛЫМ

Заң аясындағы қылмыс пен қылмыстық теріс қылық ұғымдары қегеніміз не? Қылмыстық құқықбұзушылықтар қоғамға қауіп келтіру және жазаланушылық дәрежесіне қарап қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Қылмыстық кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығына шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түрінде жазалау қатерімен тығым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Ал, қылмыстық теріс қылық қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмысқа тарту, қамауға алу түрінде жаза көрсетілген, айыпты жасалған іс әрекет (әрекет не әрекетсіздік).

Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде қылмыстық теріс қылықтардың келесі тізімі көрсетілген. Мысал ретінде олардың бірнешеуін алуға болады жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу, Агресст жағдайында денсаулыққа зиян келтіру, қорқыту, соз ауруын жұқтыру, адамның имун тапшылығы вирусын (AIVB/ЖУТС) жұқтыру, қауіпті жағдайда қалдыру және т.б.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері ҚР ҚК-нің 55-тарауында нақтыланған. Оларға жеке-жеке тоқталатын болсақ, ҚК-нің 525-бабына қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің жалпы қағидаларында айқындалады.



1. Берілген сұраққа сәйкес жауапты табыңыз.

1. Қылмыстық кодекс бойынша қандай іс-әрекет қылмыс деп танылады?

- A) Қоғамға зор қауіп төндірмейтін әрекеттер қылмыс деп танылады.
- B) Болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекеттер қылмыс деп танылады.
- C) айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмысқа тарту, қамауға алу түрінде жаза көрсетілген, айыпты жасалған іс әрекет (әрекет не әрекетсіздік) қылмыс деп танылады
- D) Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түрінде жазалау қатерімен тығым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

2. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

Қылмыстық теріс қылықтардың қатарын көрсетіңіз.

- A) қоғамға қауіпті іс-әрекет
- B) денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру
- C) бас бостандығынан шектеу
- D) қасақана кісі өлтіру

3. Мәтін бойынша сөздерді сәйкестендіріңіз.

- | | |
|------------------------|----------------------|
| 1. түзеу | 1. құқықбұзушылықтар |
| 2. қылмыстық | 2. жазалау |
| 3. денсаулыққа | 3. ауыру |
| 4. қылмыстық | 4. зиян келтіру |
| 5. бас бостандығынан | 5. теріс қылықтар |
| 6. өлім жазасы түрінде | 6. жұмыстары |

A) 1-2; 2-4; 3-5; 4-1; 5-3; 6-6.

B) 1-3; 2-5; 3-4; 4-6; 5-1; 6-2.

C) 1-6; 2-5; 3-4; 4-1; 5-3; 6-2.

D) 1-4; 2-6; 3-2; 4-3; 5-1; 6-5.

4. Мәтінде жауабы жоқ сұрақты таңдаңыз.

- A) Жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар қегеніміз не?
- B) Заң аясындағы қылмыс пен қылмыстық теріс қылық ұғымдары қегеніміз не?
- C) Мәтінде қылмыстың қандай түрлері көрсетілген?
- D) Қылмыстық теріс қылықтарға не жатады?

5. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) денсаулыққа зиян келтіру, қорқыту, соз ауруын жұқтыру
- B) заң, қылмыс, ауыппұл төлеу, қылмыс түрлері, жеке адам
- C) ауыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан ауыру
- D) Қылмыстық кодекс, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, іс жүргізу ерекшеліктері

II. ЖАЗЫЛЫМ

1. Аудиомәтінді тыңдаңыз, мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

2. Жоспарға сәйкес мәтіннің негізгі мазмұнын сақтап отырып мазмұндама жазыңыз.

Тақырыбы: Қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау ерекшеліктері